

«Freedom Finance Insurance»  
сақандыру  
Компаниясы» акционерлік  
қоғамы

Акционерное общество  
«Страховая компания «Freedom  
Finance Insurance»

«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ  
2022 жылдың 13 қазанындағы  
№48 Хаттамасына сәйкес  
Директорлар Кеңесімен  
БЕКІТІЛДІ

”Freedom Finance Insurance” сақандыру Компаниясы»  
Акционерлік қоғамының шетелге саяхаттаушыларды  
ерікті сақандыру  
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Директорлар Кеңесі шешімімен енгізілген өзгерістер мен қосымшалар (күні, нөмірі):

№	Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген	Мерзімі	№	Тірк.№
		«    »            20 ж.	№	Тірк.№
		«    »            20 ж.	№	Тірк.№
		«    »            20 ж.	№	Тірк.№

Директорлар Кеңесі шешімімен күшін жойылды деп танылды (« \_\_\_\_ » ж. № хаттама).

Алматы - 2022 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер.
2. Сақтандыру нысаны.
3. Сақтандыру субъектілері.
4. Сақтандыру жағдайы.
5. Сақтандыру сомаларын айқындау тәртібі. Франшиза. Сақтандыру сыйақысы, оның түрі мен төлену тәртібі.
6. Сақтандыру жағдайларынан тыс жағдайлар мен сақтандыруды шектеу. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту жағдайлары.
7. Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу тәртібі.
8. Сақтандыру келісімшарты әрекетінің мерзімі мен орны (аумағы).
9. Жақтардың құқықтары мен міндеттері.
10. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтандырушының/сақтандырылушының әрекеттері.
11. Сақтандыру келісімшарты күшіне ие кезеңде сақтандыру тәуекелінің көлемін ұлғайту салдары.
12. Сақтандыру келісімшартының күшін жою шарттары. Дубликатты рәсімдеу.
13. Сақтандыру жағдайының болғанын дәлелдейтін құжаттар тізімі. Сақтандыру төлемдерін орындау тәртібі мен шарттары.
14. Сақтандырушыны/Сақтандырылушыны өзгерту.
15. Даулы жағдайларды шешу тәртібі.
16. Қосымша шарттар.
17. Форс-мажор.

## 1. Жалпы ережелер.

1.1. Аталмыш Шетелге саяхаттаушы адамдарды ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан белгілі бір сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру әрекетін жүзеге асыру құқығы бар және бұдан әрі, жекелей алғанда «сақтандырушы», ал бірге «сақтандырушылар» деп аталатын, шетелге саяхаттаушы жеке және заңды тұлғалармен ерікті сақтандыру келісімшарты (бұдан әрі – сақтандыру келісімшарты) рәсімделетін мәнерде жасақталған.

1.2. Сақтандыру ережелеріне сәйкес, сақтандырушы болып кез келген құқықтық ұйымдастыру формасындағы заңды тұлғалар (олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері) немесе ақыл-есі дұрыс жеке тұлғалар саналады.

1.3 Аталмыш сақтандыру ережелерінде келесі ұғымдар қолданылады:

**Белсенді демалыс** – демалыс барысында демалушы белсенді әрекет түрлерімен айналысатын бос уақытты өткізу түрлері. Бұл кезде ағза белсенді физикалық жұмыспен айналысып, дененің барлық бұлшықеттері белсенді болады және жарақат алу қаупі ұлғаяды. Аталмыш Ережелердің мақсаттарын орындау үшін белсенді демалыс ретінде Сақтанушының келесі әрекет түрлері саналады: суда көңіл көтеру (оның ішінде бананда серуендеу немесе өзге де су аттракциондарында көңіл көтеру); жаттығу залдарында уақыт өткізу; автокөлік, мотожарыстар, трекинг, тау және жүгіру шаңғыларымен серуендеу, рафтинг, серфинг, виндсерфинг, сноубординг, скейтбординг, кайтинг', каякинг, парашютпен секіру, тауға жаяу шығу, үңгірлерге түсу, жанартауларға саяхаттау, өз бетімен ұйымдастырылатын (спорт) туризм; альпинистер, туристік және спорт базаларында демалу, сол секілді теңіз бетінен 1000 м биіктікте орналасқан аймақтарда демалу; әскери туризм, маунтинбайк, паркур, диггерлеу тарзанка немесе белсенді демалыстың өзге де түрлері, оның ішінде су мотоциклдерін, мотобайктарды, су шаңғысын, сүйретпелі үрмелі құралдар мен парашюттерді, мопедтерді, мотоциклдерді, мотороллерлерді, квадроциклдерді, скутерлерді, қарда жүретін көліктерді, барлық типтердегі велосипедтерді пайдалану (шосселик және тауға арналған велоспорт, велосипедпен мотокросс, велосипед грегі, велотриал).

**Жақын туыстар** – сақтанушының ата-анасы (асырап алушылары), сақтанушымен ресми тіркелген некедегі күйеуі/әйелі, олардың туған немесе асырап алған балалары, сол секілді аға-інілері, әпке-қарындастары, әжелері, аталары, немерелері;

**Пайданы иемденуші** – осы сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға.

Келісімшартты рәсімдеу кезінде Сақтандырушы Келісімшарт бойынша сақтандыру төлемдерін алу үшін Пайданы иемденуші ретінде кез келген тұлғаны тағайындай алады (мұндай тұлға ретінде сақтанушының өзі, сол секілді медициналық және өзге де сервистік қызметтерді үйлестіруші сервистік компания бола алады), сол секілді сақтандыру жағдайы туындағанға дейін, сақтандырушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы ол өз сақтанушысын өзгерте алады.

Келісімшарт бойынша Пайданы иемденушіні тағайындау мен өзгерту Сақтанушының жазбаша келісімі арқылы орындалады.

Пайданы иемденушіні ол келісімшарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындаған болса, немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі бойынша талап жіберілгеннен кейін өзгертуге болмайды.

Егер Келісімшарт бойынша Пайданы иемденуші тағайындалмаса, сақтанушының қазасынан кейін сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда Пайданы иемденуші болып Сақтанушының мұрагері саналатын болады;

**Ауыр науқас** – сақтандыру келісімшартының әрекет ету шегі мен мерзімі аясында анықталған ағзалар мен жүйелердің клиникалық зақымдалуы арқылы көрінетін, өзге бір патологиялық процестің өршіп кетуі немесе асқынуы болып табылмайтын, уақытша жұмысқа жарамсыздыққа алып келетін және шұғыл медициналық араласуды қажет ететін ағзаның алғаш рет тіркелген жедел патологиялық ауыруы;

**Азаматтық соғыс** – бір мемлекетте тіршілік ететін алайда түрлі этникалық, діни немесе идеологиялық топтарға жататын екі немесе одан да көп жақтар арасындағы қарулы қақтығыс. Анықтамада келесі ұғымдар келтірілген: қарулы қақтығыс; революция; үкіметке қарсы үгіт жүргізу; буш; мемлекеттік төңкеріс; әскери жағдайдың салдарлары;

**Сақтандыру келісімшарты** – сақтандырушы рәсімдеген сақтандыру төлемі аясында сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру төлемінің шарттары туралы ақпарат бар және сақтанушыға қатысты сақтандыру қорғанысының барлығын дәлелдейтін құжат, оған сәйкес бір жақ

(сақтанушы) сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші жақ (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда сақтанушыға немесе келісімшарт пайдасын көздейтін өзге тұлғаға (пайданы иемденуші) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

**Сақтанушы** – сақтандыру процесі орындалатын жеке тұлға. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтанушы болып Қазақстан Республикасынан шетелге уақытша мерзімге саяхаттаушы тұлға саналады. COVID-19 індетінен сақтауға келетін болсақ, мұндай тұлғаның жасы келісімшартты рәсімдеу мезетінде 0-ден 75 жас аралығында болуы тиіс;

**Интернет-ресурс** - мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де нысанда көрсетілетін, аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған, бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы бар және Интернет желісінде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс;

**Клиникалық хаттама (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан бекітілген, диагностика жасау және емдеу бойынша қолданыста бар клиникалық хаттама)** – денсаулық сақтау саласындағы өкілетті мемлекеттік орган тарапынан бекітілген, белгілі бір ауру не клиникалық жағдай шартында науқасқа медициналық көмек көрсетудің жалпыға ортақ талаптарын нақтылайтын құжат;

**Төсек-күн** – бір тұлғаның аурухана стационарында болу уақытын өлшеу бірлігі (бір тәулік);

**Жеке кабинет** – сақтанушының тапсырмасы немесе келісімі бойынша сақтандырушы немесе сақтанушы тарапынан жасалған «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сақтандырушының ресми сайтындағы сақтанушының жеке бөлімі, оны сақтандырушы мен сақтанушы өзара ақпарат жасасып, оны алмасуға, сақтандыру келісімшартын электронды формада рәсімдеуге, орындауға, өзгертуге немесе мерзімінен бұрын күшін жоюға, сол секілді Қазақстан Республикасының қолданыста бар заңнамасы мен осы Ережелерге қарсы келмейтін өзге де мақсаттарда пайдалануға болады.

**Медициналық шығындар** - сақтанушыға шұғыл медициналық көмек көрсету нәтижесінде медициналық көрсеткіштерге сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен клиникалық диагностика және емдеу хаттамаларына сәйкес) белгіленген медициналық қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар;

**Ассистенттың медициналық мекемелері (Қызмет көрсету компаниясы)** Ассистентпен қызмет көрсету шарттарын жасасқан және сақтандырушының атынан Сақтанушыға сақтандыру шартында көзделген қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған медициналық мекемелер;

**Медициналық мекемелер және/немесе дәрігерлер** – сақтанушы Ассистент қызметкерлерінің бағыттауынан тыс өз бетімен қызметтеріне жүгінген, сақтандыру аумағында әрекет ететін медициналық мекемелер немесе қызметкерлер;

**Жазатайым оқиға** – жоспардан тыс шығындар жұмсалатын, өзге себептерден тыс, Қазақстан Республикасы шегінен тыс аумақта сақтандыру қорғанысының сәйкес мерзімі мен орнында, тұлғаның өз тілегінен тыс дене жарақаттарына, сақтанушы ағзасының қызметтерінің бұзылуына немесе оның өліміне әкеліп соғатын, сипаты, уақыты мен орнын анықтауға болатын түрлі сыртқы факторлардың (физикалық, химиялық, техникалық және т.б.) бір мезетте кенеттен әсер етуі. Жазатайым оқиғалар санатына жедел, созылмалы немесе тұқым қуалайтын аурулардың бірде-бір түрі жатпайды;

**Жедел медициналық көмек** – науқастың өміріне нақты қауіп төнбейтін, кенеттен туындайтын жедел аурулар, сырқаттың күйі не жазатайым оқиға кезінде көрсетіледі. Жедел медициналық көмек қатарына жедел ауырсыну белгілерін жою жатады;

**Созылмалы аурудың асқынуы** – саяхат жасауға кедергі болып саналмайтын, сақтандыру келісімшартының мерзімі аясында созылмалы аурудың асқынуы;

**Обсервация** карантинге жататын жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен байланыста болған немесе карантиндік ауру ортасынан тысқары аумаққа сапар шегетін тұлғаларды оқшаулау шарттарында медициналық бақылау. Обсервация науқастармен не карантиндік аймақ тұрғындарымен соңғы байланыста болған мезеттен бастап сәйкес аурудың максималды инкубациялық мерзіміне сәйкес белгіленеді. Бақылау жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған оқшаулау-шектеу, емдеу-алдын алу және эпидемияға қарсы шаралар кешенін қамтиды;

**Саяхат** – демалу, оқу, жұмыс, туризм, жарыстарға қатысу мақсатында шетелге (өз тұрғылықты елінен тысқары аймаққа және т.б.) сапар шегу;

**Сақтандыру бағдарламасы** – сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда өтелетін шығындар тізімі. Бағдарлама түрлері мен төлемдер осы Сақтандыру ережелерінің № 1 Қосымшасында көрсетілген. Сақтандыру төлемінің көлемі Сақтандыру келісімшартында көрсетіледі. Аталмыш Сақтандыру

*Шетелге саяхаттаушы тұлғаларды ерікті сақтандыру ережелері  
«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ»*

ережелерінің № 1 Қосымшасында көрсетілген төлем түрлеріне қарай сублимиттер де ұсынылған.

**Тасымалдаушы** - тасымалдаудың белгілі бір түріне рұқсаты бар, жолаушыларды құрлық бетімен, сумен не ауамен белгілі бір маршрут арқылы алып жүретін, кез-келген тіркелген тасымалдаушы;

**Репатриация** – Асистанс тарапынан ұйымдастырылатын, марқұм болған Сақтанушының денесін уақытша қоныстану мемлекетінен тұрғылықты мемлекетінің немесе сақтанушы тірі кезінде азаматтығын алған мемлекеттің халықаралық портына дейін, ҚР мемлекетінің немесе марқұм азаматы болып есептелген мемлекеттің халықаралық аэропортына жақын жердегі жерлеу аймағына дейін жеткізу. Сақтандырушы жерлеу, жерлеу рәсімдері, марқұмның денесін тұрғылықты мемлекеттің ішінде тасымалдауға байланысты шығындарға жауапты болып саналмайды. Ережеден тыс – Сақтандырушының, оның өкілінің немесе Асистанс компаниясының өкілінің хабарлануы мен келісімінен тыс денені қайтаруға байланысты шығындар;

**Сервистік компания/Асистанс** – сақтандыру ережелерінің шарттары мен таңдалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес сақтанушымен жасалған сақтандыру келісімшартында көрсетілген уақытша мемлекетте болу кезеңінде сақтандырушымен жасалған ынтымақтастық шартына сай сақтанушыға сәйкес тұтыну қызметтерін ұйымдастырып, бақылайтын және ұсынатын сақтандырушының өкілі;

**Сақтанушы** – сақтандырушымен сақтандыру келісімшартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға. Сақтанушы (жеке тұлға) бір мезетте сақтандырылған болып саналады;

**Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Шарт жасалған басқа тұлғаға (пайда алушыға) шарттармен және белгілі бір сома шегінде Шартта белгіленген сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті заңды тұлға (сақтандыру сомасы);

**Сақтандыру сыйақысы** – сақтандыру келісімшартында анықталған тәртіп пен мөлшерде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайданы иемденушіге) сақтандыру төлемін төлеу міндеттемелерін алғаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуі міндетті ақша сомасы;

**Сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы туындаған мезетте сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін көрсететін және сақтандыру нысаны сақталған ақша сомасы;

**Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы туындауы себепті келтірілген шығындарды өтеуге қажетті сақтандыру сомасының шегінде Пайданы иемденушіге Сақтандырушы тарапынан төленетін ақша сомасы. Төлемді сақтандырушы көрсетілген қызметтерге кететін нақты шығындар көлемінде, бірақ кез келген жағдайда Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады;

**Сақтандыру жағдайы** – Келісімшарт бойынша сақтандыру төлемі төленетін жағдай. Коронавирустық инфекцияға қатысты Сақтандыру жағдайы болып SARS-CoV-2 коронавирустық инфекциясы туындататын алғаш рет тіркелген COVID-19 ауруынан сақтандыру аясында Сақтандыру келісімшарты күшіне ие мерзім мен сақтандыру аумағында Сақтанушыны жедел ауруханаға жатқызумен байланысты алдын-ала қарастырылмаған шығындардың туындауы;

**Қызметтік шығындар** – медициналық емес сипаттағы қызметтердің көрсетілуі әсерінен туындаған шығындар (науқасты құтқару қызметтері, репатриация (марқұмның денесін тасымалдау), денені балаларына қайтаруды ұйымдастыру және т.б.);

**Сублимит** – берілген позиция бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезеңде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын және жеке позиция бойынша сақтандырылған нысанның Сақтандыру келісімшартында көрсетілген сақтандыру сомасының бір бөлігі. COVID – 19 шығыны сублимитінің көлемі сақтандыру аймағына сәйкес сақтандыру сомасының сақтанушы таңдап алған сублимит өлшеміне қарай жақтардың келісімі бойынша анықталады. Сублимит сақтандыру мерзімі басталғаннан кейін өзгертілмейді.

**Сақтандыру аймағы** – сақтанушы уақыта қоныстанған кезеңде сақтандырушының сақтау қорғанысы күшіне ие Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан аймақ. Уақытша қоныстану мекені – сақтанушы тұлға уақытша қоныс аударатын, сақтандырушының сақтану аймақтарының тізіміне енгізілген кез келген мемлекет, оның қатарына сақтанушы азаматы болып табылатын немесе ол үнемі түрде тіршілік ететін не тұруға ықтиярхаты бар мемлекеттер енбейді;

**Алкоголь мен есірткіні тексеретін сынама** - адамның қанында алкогольдің, психотроптық, есірткі заттардың болуын анықтаудың биохимиялық әдісі;

**Телемедицина** - сақтандырушының медициналық қызметтерді қашықтықтан көрсетуі (науқастың жағдайын бақылау және кеңестер беру) және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, медицина қызметкерлерінің бір-бірімен өзара байланысуы.

**Жарақат** - жазатайым оқиға нәтижесінде ағзаның мүшелері мен тіндерінің тұтастығы мен функцияларының зақымдануы;

**Сервистік компания желісінің мүшелері** - медициналық ұйымдар, халықаралық сервистік ұйымдар, жеке практика дәрігерлері, дәріханалар, оптиктер, стоматологиялық клиникалар, тасымалдаушылар, құтқару қызметтері, жерлеу қызметтері, сақтандырушы қызмет көрсетуге шарттар жасасқан сақтанушыға қызмет көрсететін басқа да ұйымдар. Медициналық ұйымдар Сақтандыру келісімшартына сәйкес Сақтанушыларға қызметтер көрсеткен жағдайда медициналық ұйымдар Пайданы иемденушілерге айналады және Сервистік компания арқылы сақтандыру төлемдерін алады. Сақтандыру төлемі көрсетілген қызметтердің құнына сәйкес шығындар мөлшерінде төленеді, алайда осы сома Сақтандыру сомасынан асып кетпеуі керек;

**Шартты бірлік** – Сақтандыру келісімшартына сәйкес белгіленген сақтандыру сомасы негізделген қаржы бірлігі.

**Франшиза** – сақтандыру шарттарына сәйкес белгілі бір мөлшерден аспайтын, келтірілген залалды өтеуден сақтанушыны босату. Франшиза шартты (бөлінбейтін) және шартсыз (бөлінетін) болып ажыратылады.

Шартты франшиза жағдайында Сақтанушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, алайда егер залалдың мөлшері аталмыш сомадан көп болса, ол оны толық өтеуі тиіс.

Шартсыз франшиза кезінде барлық жағдайларда залал белгіленген соманы толықтай төлеу арқылы өтеледі.

Франшиза сақтандыру сомасына қатысты пайыздық не абсолютті мөлшерде белгіленеді.

**Созылмалы аурулар** – келесі сипаттаулардың кем дегенде, екеуі тән ауру түрлері созылмалы саналады:

- асқыну (немесе қайталану мүмкіндігі бар) және ремиссия кезеңдерімен сипатталатын ұзақ мерзімді ауру (6 айдан астам);
- тұрақты;
- ұзақ мерзімді паллиативтік көмекті қажет етеді;
- мерзімді бақылауды, кеңес берулерді, тексерулерді, зерттеулерді немесе талдауларды талап етеді;
- аурумен күресу үшін адам реабилитациядан немесе арнайы дайындықтан өтуі керек;

**Сақтандырудың электронды келісімшарты** – Бірыңғай Деректерді Сақтандыру Базасынан (бұдан әрі – БДСБ) өткізу арқылы өтініше көрсетілген мәліметтерді мемлекеттік органдар мен оларға бағынышты ұйымдарының ақпараттық жүйелерінің БДСБ ақпараттық жүйесімен кіріктірілген мәліметтерімен салыстыру арқылы деректерді қалыптастырып, жүргізетін ұйымның сақтандыру келісімшартының бірегей нөмірі;

**Тұрғылықты тіршілік ететін мемлекетке эвакуациялау** – Ассистанс дәрігерлері мен емдеуші дәрігердің нұсқауымен уақытша қоныстанған мемлекет ауруханасынан тұрғылықты мекен ететін мемлекеттің халықаралық портына дейін **Сақтанушыны медициналық тасымалдауды ұйымдастыру мен ақысын төлеу**;

**Сақтанушы ауруханаға түскен/марқұм болған жағдайда 16 жасқа толмаған сақтандырылған балаларды эвакуациялау** – Сақтанушы ауруханаға түскен/марқұм болған жағдайда Сақтандыру келісімшартының күшіне ие кезеңінде сақтандыру аймағында Ассистанс тарапынан 16 жасқа толмаған балаларды Қазақстан Республикасына немесе олардың өзге де тұрғылықты мекен ететін мемлекетіне тасымалдауды ұйымдастыру; Сақтандырушы әрбір баланың уақытша мекен еткен аймағындағы әуе портынан экономикалық класпен (аймағында, оның орналасу мекеніне жақын аймақтағы) Қазақстан Республикасындағы қаланың әуе портына дейін (немесе бала азаматы болып табылатын немесе тұрақты түрде мекен ететін мемлекетке дейін), немесе бала мекендейтін ең жақын елдімекенге дейін ұшып бару шығынын өтейді.

Балаларды эвакуациялау мақсатында Сақтандырушы тасымалдаушы компанияға билеттерді қайтару немесе төлем сомасын қайтып алу, кей жағдайларда билеттерді ертерек немесе кешірек мерзімге ауыстыру құқығы бар.

Сақтандыру аймағындағы кәмелеттік жасқа толмаған балаларды Қазақстан Республикасына эвакуациялауға қажетті шығындар осы эвакуациялау шығындарын Ассистанс арқылы ұйымдастырған жағдайда ғана Сақтандырушы тарапынан өтеледі. 16 жасқа дейінгі балаларды эвакуациялауды Сақтанушының туысқандары немесе өзге де тұлғалар Ассистанстың қатысуынсыз өз беттерімен әрі Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз ұйымдастырған жағдайда, мұндай шығындар Сақтандырушы тарапынан өтелмейді.

- **COVID-19** - SARS-CoV-2 (2019- nCoV) коронавирусты ауруынан құралатын, бірақ онымен шектелмейтін, оның кез келген мутациясы не түрі болуы мүмкін ауыр жедел респираторлы инфекция;

Жедел ауруханаға салу болып Сақтанушыны аурухананың жансақтау және жедел терапия бөліміне түсуі

немесе стационарға түскеннен кейін алғашқы 24 сағат ішінде ота жүргізілуі саналады.

**Жедел медициналық көмек** - патологиялық процестердің қайтымсыз салдарларының алдын алу мақсатында ағзаның өмірлік маңызды функцияларын сақтау үшін көрсетілетін медициналық көмек, олардың сәтсіздігі немесе кешігуі дененің қайтымсыз ауыр жағдайларының дамуына, өлімге дейін әкелуі мүмкін.

1.4. Сақтандырушы келесі санаттардың біріне жататын тұлғаға немесе Шарт жасасу сәтінде осы санатта есептелетін тұлғамен Шартты жасасудан бас тартуға құқылы:

- 1) 80 жастан асқан адамдар;
- 2) Шарт жасасу кезінде оларға қатысты мүгедектік белгіленген, еңбекке қабілеттілігінен (жалпы немесе кәсіптік) айырылу (толық немесе ішінара) және/немесе кәсіптік ауру дәрежесі анықталған адамдар;
- 3) есірткіні пайдаланатын/пайдаланған тұлғалар; уытты интоксикация мақсатында улы заттарды пайдаланатын/пайдаланған адамдар; алкогольді пайдаланатын / одан зардап шегетін адамдар;
- 4) жүйке-психикалық диспансерде осыған байланысты есепте тұрған/тұрақты жүйке және психикалық науқастары бар адамдар;
- 5) алкогольдік, есірткілік немесе психотроптық мас болудан (кез келген дәрежедегі) дене жарақатын алған немесе ауру немесе олардың зардаптары болған / бар адамдар);
- 6) өзіне қасақана дене жарақатын салған адамдар, оның ішінде өзін-өзі өлтіруге оқталғандар;
- 7) психикалық сипаттағы ауруларға, эпилепсияға, жүйке жүйесінің дегенеративті-дистрофиялық және демиелинизациялық ауруларына байланысты жарақат алған немесе ауыратын немесе олардың зардаптары бар адамдар;
- 8) сақтандырудың болжанған аумағында келісімшарт жасасу сәтінде болған тұлғалар;
- 9) COVID-19 таңдауы бойынша – сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, 75 жастан асқан тұлғалар.

1.5. Осы келісімшартқа қол қоя отырып, Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның/Пайданы иемденушінің жеке бас мәліметтерінің Сақтандырушыға, сақтандыру келісімшартын орындау үшін Ассистансқа, сол секілді Сақтандырылған тұлғаның/Пайданы иемденушінің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 830-бабына сәйкес сақтандыру құпиясы саналатын мәліметтерінің Сақтандырушы тарапынан Сақтандыру келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін берілгенін растайды.

## 2. Сақтандыру нысаны.

2.1. Сақтандыру нысаны болып Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін, сақтандыру келісімшартында көрсетілген және сақтандыру қорғанысы күшіне ие мерзімде пайда болған кездейсоқ жедел ауру немесе жазатайым жағдай нәтижесі саналатын сақтандырудың таңдап алынған бағдарламасына сәйкес, қызметтерді алуға қатысты Сақтанушы тарапынан болған сақтандыру тәуекелі мен шығындарына қатысты Сақтанушының мүліктік мүдделері саналады. Сақтандырушы ауруханадағы емдеуді қоса есептегенде, сақтандыру келісімшарты мерзімі шегінде ғана жауапты болады.

## 3. Сақтандыру субъектілері.

3.1. Егер сақтандыру келісімшартында өзгесі нұсқалмаса, Сақтанушы бір мезете Сақтандырылушы болып та саналады, ол келісімшартта Сақтандырылушы ретінде көрсетіледі. Егер оның есімі сақтандырылғандар тізімінде болмаса және сақтандыру келісімшартында (сақтандыру полисінде/сертификатында) өзге сақтандырылушылар көрсетілсе, онда ол Сақтанушы болып қана қалады.

3.2. Сақтанушы сақтандыру келісімшартында Сақтандырылушы ретінде өзге тұлғаны көрсетуі мүмкін. Сақтандыру келісімшарты бір Сақтандырылушыны (жеке) немесе бірнеше сақтандырылушыларды (топтық) қамтуы мүмкін.

3.3. Сақтанушы болып әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар және кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалар саналады.

3.4. Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар сақтандырыла алады.

## 4. Сақтандыру жағдайы.

4.1. Сақтандыру жағдайы – сақтандыру аумағында сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және соның салдарынан сақтанушының өміріне не денсаулығына зиян келтірілген, («COVID-19» таңдауы болмаған жағдайда, одан басқа) сәйкес зиянға кеткен шығындармен сипатталатын нақты, кенеттен,

кездейсоқ, күтпеген және жедел оқиға (апат және/немесе кенеттен пайда болған жедел ауру):

А) Жедел медициналық көмекке кететін шығындар, оның ішінде:

а) диагнозды анықтау және/немесе растау үшін қажетті медициналық мамандарға бару және кеңестер алу, медициналық тексерулерге қажетті шығындар;

б) кеңес алуларды, тексерулерді қоса алғанда, стандартты палатаға шұғыл жатқызу шығындары. Сақтанушыны ауруханалық бақылау, хирургиялық және/немесе медициналық емдеу;

в) «COVID-19» қосымша тәуекелі төленген жағдайда Шенген аймағын есепке алмағанда, сақтандыру қорғанысының барлық кезеңінде ауруханаға 5 (бес) тәулікке дейін жату мерзімін қоса есептегенде, негізгі коронавирусты инфекция деген диагноз бойынша барлық қажетті диагностикалық зерттеулер және дәрілермен емдеуді қоса есептегенде, жедел медициналық көмек көрсетуге қажетті стационарлық жәрдем беруге кететін шығындарды қамтиды, алайда төлем көлемі сақтандыру келісімшарты/полисінде нақтыланған сублимит сомасынан аспауы керек;

г) Шенген аймағы бойынша: «COVID-19» қосымша тәуекелі төленген жағдайда сақтандыру қорғанысының барлық кезеңінде ауруханаға 8 (сегіз) тәулікке дейін жату мерзімін қоса есептегенде, негізгі коронавирусты инфекция деген диагноз бойынша барлық қажетті диагностикалық зерттеулер және дәрілермен емдеуді қоса есептегенде, жедел медициналық көмек көрсетуге қажетті стационарлық жәрдем беруге кететін шығындарды қамтиды, алайда төлем көлемі сақтандыру келісімшарты/полисінде нақтыланған сублимит сомасынан аспауы керек.

Б) Шұғыл стоматологиялық көмек көрсету шығындары, атап айтқанда:

д) тістің және оның айналасындағы жұмсақ тіндердің ауырсыну синдромымен байланысты шығындар: терапиялық емдеу, анестезия, тісті алып тастау;

е) ауыз қуысындағы ірінді-қабыну процестерін емдеуге байланысты шығындар а: анестезия, ашу, дренаж, қан кетуді бақылау;

ж) жазатайым оқиғада жарақаттану нәтижесіндегі тістің және оның айналасындағы жұмсақ тіндердің жедел ауыру синдромымен байланысты шығындар;

Төмендегілер ерекше жағдайлар болып табылады және Сақтандырушы жауапты болмайды: ортодонтия, косметология, тіс шөгінділерін жою, беткей/терең кариес, панорамалық/ЗД рентгенологиялық суреттер, протездеу және оған дайындық, шығу тегі әртүрлі ауыз қуысындағы ісіктер және т.б.

В) Ассистанс ұйымдастырған Сақтанушыны тасымалдау/эвакуациялау шығындары, атап айтқанда:

а) Сақтанушыны апат орнынан/сақтандыру оқиғасы болған жерден сақтандыру аумағындағы жақын жердегі медициналық мекемеге немесе дәрігерге дейін көмек көрсету қызметкерлерінің ұсынымы бойынша жедел жәрдем көлігімен шұғыл медициналық тасымалдау шығындары.

б) Сақтанушының Қазақстан Республикасына немесе Сақтандырылған азаматтығы бар елге одан әрі тәуелсіз оралуы үшін ауруханадан сақтандыру аумағындағы ең жақын халықаралық әуежайға дейін тасымалдау құны. Тасымалдау қажеттілігін Ассистанс дәрігерлері анықтайды.

в) Ассистанс қызметкерлерінің пікірі бойынша Сақтанушы Қазақстан Республикасына немесе Сақтанушыны азаматы болып табылатын өзге елге медициналық тұрғыда эвакуациялауға қажетті шығындар:

г) Қазақстан Республикасының немесе Сақтанушы азаматы болып табылатын елдің ең жақын халықаралық әуе портына дейін жеткізу.

Г) Оның ішінде «COVID-19» қосымша тәуекелі төленген жағдайда коронавирус инфекциясының әсерінен қайтыс болған **Сақтанушының денесін Қазақстан Республикасына немесе Сақтанушы тірі кезінде азаматтығын алған мемлекетке репатриациялау**, нақтырақ айтқанда:

а) халықаралық тасымалдау шарттарына сай табыт/кремациялау ыдысына кететін шығындар;

б) Марқұм болған Сақтанушының денесін сақтау, cremaциялау және Қазақстан Республикасының немесе тірі кезінде өзі азаматтығын алған өзге мемлекеттің халықаралық әуе портына дейін жеткізуді ұйымдастыру шығындары;

в) репатриациялауға байланысты шығындар репатриация Ассистанс арқылы ұйымдастырылған жағдайда ғана төленеді. Сақтанушының туыстарының немесе өзге де тұлғалардың өз бетімен Ассистанстың қатысуынсыз және Сақтандырушымен жазбаша келісімсіз ұйымдастырылған марқұмның денесін репатриациялау шығыны өтелмейді.

4.2 Коронавирустық инфекцияға қатысты сақтандыру жағдайы болып сақтандыру қорғанысы мерзімі кезінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының жұғуы салдарынан Сақтанушыда алғаш рет анықталған және оның шұғыл түрде ауруханаға жатуына әкеліп соққан ауру саналады. Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру сомасының сублимиті шегінде сақтандыру аумағында 7 (жеті) күн болғаннан кейін алғаш рет

ПЦР (PHK COVID-19) оң нәтижесін көрсеткен жағдайда ПЦР (PHK COVID-19) сараптауына қосымша төленеді. Алайда Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу мерзімін қоса есептегенде COVID-19 қосымша тәуекелі бойынша сақтандыру қорғанысының мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнге ғана жарамды болады. «Multitrip Business» бағдарламасы бойынша COVID-19 қосымша тәуекелі бойынша сақтандыру қорғанысының мерзімі әрбір саяхат бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайды.

4.2.1 Обсервация кезеңіндегі күнкөріс шығындары (осы таңдалым болған жағдайда):

Уақытша тұрақтау мемлекеті билігінің талаптарына сәйкес Сақтаушының оқшаулануы (обсервация) орын алған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру келісімшартында нақтыланған сублимит шегінде күнкөріс шығындарын өтейді. Ондай шығындар қатарына енеді:

4.2.1.1 .сақтандырылушының карантиндік орталықтарда/обсерваторларда тұруына қажетті шығындар немесе оқшаулау кезінде қажетті оқшаулау мерзімі одан бұрын жоспарланған тұру/броньдау мерзімінен асып кеткен жағдайда ғана Сақтандырылушының тіршілік етуіне қажетті қосымша шығындар;

4.2.1.2 . Сақтанушының тамақ өнімдерін (алкогольсіз сусындарды қоса алғанда) сатып алуға іс жүзінде кеткен шығындары).

4.3 Сақтандыру жағдайы басталған кезде және Сақтанушы (Сақтандырылушы) оның басталғаны туралы сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде хабарлау туралы талапты орындаған кезде. Сақтандырушының міндеттемелерінің (сақтандыру шығыстарының) көлемі сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде/сертификатында) көрсетілген Сақтанушы таңдаған Сақтандыру бағдарламасы негізінде айқындалады. Барлық сақтандыру бағдарламаларының түрлері осы Сақтандыру ережелеріне № 1 қосымшада көрсетілген.

## **5. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Франшиза. Сақтандыру сыйақысы, оның түрі мен оны төлеу тәртібі.**

5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру келісімшарты аясында өз міндеттемелерін орындағаны үшін Сақтандырушы жауапты саналатын, келісімшартта нұсқалған ақша сомасы. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады, қандай жағдай болмасын сақтандыру төлемінің шекті мөлшері (жауапкершіліктің шекті көлемі) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру келісімшартында көрсетілген жекелеген позициялар сублимитінен, сақтандыру сомасынан аспайды.

5.2. Сақтандыру сомасы Сақтанушы таңдаған сақтандырылған адамдардың санына, Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру бағдарламасына және сақтандыру аумағына негізделі отырып, тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Сақтандыру сомасын сақтандыру мерзімі басталғаннан кейін өзгертуге болмайды. Сақтанушы таңдаған Бағдарламаға байланысты осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандырудың жекелеген түрлері үшін де сублимиттер бар.

5.3. Сақтандыру келісімшартында белгіленген сақтандыру сомасының сублимиті шегінде COVID-19 қосымша тәуекелі бойынша негізгі ауруы Коронавирустық ауру ((A) тармағы және 4 Тараудың 4.1. тармағы бойынша) жедел ауруханаға жатқызу шығындары және PHK COVID-19 (4 тараудың 4.2. тармағы бойынша) анықтау үшін бір реттік ПЦР анықтау сынамасын тапсыру шығындары өтеледі.

5.4. Франшиза – белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.

5.4.1. Франшиза шартты және шартсыз болып бөлінеді.

1) Келісімшартта шартты франшиза нақтыланғаннан кейін. Сақтандырушы, егер залал сомасы шегерім сомасынан аспаса, залалды өтеуден жауапкершіліктен босатылады, ал егер оның сомасы шегерім сомасынан асып кетсе, залал толық көлемде өтелуге жатады:

2) Келісімшартта шартсыз франшиза нақтыланған жағдайда, Келісімшарт талаптарына сәйкес Сақтандырушы төлейтін сомадан шартсыз франшиза сомасы алынып тасталады.

5.4.2. Франшизаны нақтылау және оның мөлшерін келісу Сақтандыру келісімшарты рәсімделген уақытта жақтардың келісуімен орындалады. Франшиза мөлшері сақтандыру сомасына қатысты пайыздық қатынаста немесе абсолютті көлемде болуы мүмкін. Франшиза жалпылай қатерлер пакеті бойынша да, сол секілді белгілі бір тәуекелдер бойынша да қарастырылуы мүмкін;

5.4.3. Егер Сақтандыру келісімшартында өзгесі нұсқалмаса, жасы 61-ден (алпыс бірден) асқан Сақтандырылғандар үшін кез келген сақтандыру жағдайы бойынша 50 % (елу) пайыз көлемде шартсыз франшиза орнатылады.

5.5. Сақтандыру сыйақысы - Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайданы иемденушіге) сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

5.5.1. сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының сомасы таңдалған

сақтандыру бағдарламасына, сақтандыру аумағына және мерзіміне қарай есептеледі;

5.5.2. сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы, егер сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен кешіктірмей қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге міндетті;

5.5.3. сақтандыру сыйлықақыларын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен орындалады;

5.5.4. Шарттың талаптарында көзделген мерзімде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда мұндай сақтандыру шарты күшіне енген жоқ деп есептеледі, ал Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндетінен босатылады;

5.5.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн болып табылады.

5.6. Шығындарын сақтандырушы өтейтін қызметтердің тізбесі, сондай-ақ оларды алу тәртібі таңдалған сақтандыру бағдарламасымен айқындалады (№ 1 Қосымша).

## **6. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу. Сақтандыруды талап етуден бас тарту.**

6.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлемейді:

1) Медициналық емес сипаттағы шығындар (мәселен: телефонмен сөйлесу, көлікпен тасымалдау қызметтері – такси шақыру және таксимен жүру);

2) Қажетті өзін-өзі қорғау әрекеттерінің шегінен шығып кеткен жағдайларын қоспағанда, Сақтанушының уақытша тұрып жатқан мемлекетінің күшіне ие заңнамасына сәйкес заң бұзушылық жасауы, өз-өзіне қол жұмсауы не қол жұмсауға әрекет етуі немесе сақтанушыға қатысты қылмыстық қудалануына байланысты жедел медициналық көмек көрсетуіне қатысты шығындар;

3) сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру төлемінің қолданылу мерзімінен тыс келтірілген залалдар:

4) жанама залалдар (жоғалған пайда, өсімпұлдар, шарттық өсімпұлдар және т.б.);

5) моральдық зиян;

6) сот шығындары;

7) сақтандыру жағдайына байланысты қызметті жүзеге асыруға және оны кез келген уәкілетті органдарда растауға байланысты шығындар (мемлекеттік баж, көшірмелерді алу, нотариалды куәландыру, бағалау/экспертиза жасау, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеу және т.б.);

8) Сақтандырылған елдің кез келген үкіметінің, мемлекеттік немесе жергілікті билік органдарының ұйғарымымен Сақтанушының мүлкін тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, реквизициялау, жою, бүлдіру салдарынан тікелей немесе жанама туындаған шығындар;

9) Сақтандырушының телемедицина арқылы дәрігердің кеңестерін алуын қоспағанда, телефон/бейне телефон байланысы арқылы дәрігерден/кез келген медициналық қызметкерден кеңес алуы;

10) жергілікті емдеуге болатын және сақтанушының жол жүруін жалғастыруға кедергі келтірмейтін жеңіл аурулар немесе жарақаттар кезінде эвакуациялау шығындары;

11) Әуе, теміржол және/немесе басқа көлік компаниялары үшін билеттерді сатып алуға/айырбастау үшін, Ассианстың қатысуынсыз дербес жүзеге асырылатын шығындар;

12) Сақтанушының жақын туыстары немесе Сақтандырушының көмегінсіз және/немесе келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған сақтанушының кәмелетке толмаған балаларын эвакуациялауға арналған шығындар;

13) сақтанушының кәмелетке толмаған балаларын жақын жердегі халықаралық әуежайдан олардың тұрғылықты жеріне дейін тасымалдауға (тұрғылықты жері мен тамақтануын қоса алғанда) байланысты шығындар;

14) Сақтанушының мәйітін жақын жердегі халықаралық әуежайдан жерлеу орнына дейін жеткізуге арналған шығындар;

15) Сақтанушының туыстары немесе Сақтандырушының көмегінсіз және/немесе жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған Сақтанушының денесін репатриациялауға арналған шығындар;

16) Қазақстан Республикасында немесе Сақтанушы тірі кезінде азаматы болған елде сақтанушыны жерлеуге арналған кез келген шығындар;

17) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орыс немесе қазақ тілдеріне аудармасы және/немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау туралы шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды нотариат куәландыруы кезінде шеккен шығындары;

- 18) Сақтанушының медициналық мекемеге бару қажеттілігі Ассистанс қызметкерлері тарапынан нұсқалмаса, жергілікті емдеуші дәрігер құжаттарына негізделетін көлік тасымалдау шығындары;
- 19) сақтанушының медициналық мекемеден сақтандыру аумағындағы уақытша тұратын жеріне дейін тасымалдау шығындары;
- 20) егер Сақтанушы шарт күшіне енгеннен кейін сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағының азаматтығын/тұруға ықтиярхатын алған болса, сақтандыру жағдайына байланысты шығындар;
- 21) Сақтандырушымен немесе Сақтандырушының өкілімен телефон/факс арқылы сөйлесу жағдайларын (сақтандыру оқиғасының басталуына байланысты 5 000 (бес мың) теңге шегінде) қоспағанда, Сақтанушының (Сақтанушының) телефон арқылы сөйлесуіне қажетті шығындар;
- 22) қосымша жайлылықты қамтамасыз етуге байланысты шығындар, атап айтқанда: 1-2 төсектік бөлмелер, «VIP», «люкс» типті палаталар, теледидар, телефон, желдеткіш, ылғалдағыш, шаштараз, массаж жасаушы, косметолог, аудармашы қызметтері және т.б.;
- 23) сақтанушы Шарттың талаптарында көзделген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлемесе;
- 24) емделу/медициналық қызметтерді алу сақтанушының іссапарының мақсаты болды, сол секілді сондай-ақ шипажайларда, емханаларда, демалыс үйлерінде және шипажай-курорттық үлгідегі өзге де ұйымдарда емделу/медициналық қызметтер алу;
- 25) Сақтанушыға медициналық көмекті спорт командасының дәрігері көрсеткен немесе спорттық жарыстарды/жиындарды ұйымдастырушылар көрсеткен;
- 26) Келісімшартты рәсімдеу мезетінде Сақтанушының мүгедектігі немесе еңбекке жарамсыздығы (толық немесе ішінара) (жалпы немесе кәсіби) және/немесе кәсіби науқасы анықталған және бұл медициналық көмекке жүгінудің бірден-бір себебі болды;
- 27) амбулаториялық және/немесе стационарлық емдеу бойынша, дәрі-дәрмекке және/немесе стоматологиялық көмекке, денсаулығының нашарлауына, асқынуларға, сақтанушының сақтандыру мерзімі басталғанға дейін болған кез келген аурулар мен жағдайларға байланысты қайтыс болуына (Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу мезетінде), емделу болуы не болмауынан, Сақтанушының осы жайттар туралы білу не білмеуінен тыс және осы емделуге кеткен шығындарға байланысты, сол секілді Сақтанушыға денсаулығының жағдайына қарай немесе осы науқасының асқынып кету қаупіне қарай (осы асқынулық себебі болса) саяхатқа шығуға тыйым салынған болса;
- 28) Сақтанушы Сақтандырушының медициналық тексеруден өту немесе алкогольді/есірткілік масаң күйде болуына медициналық куәландырудан өту туралы талабын орындамаған және/немесе осы тексеру-куәландырулардың нәтижелерін көрсетпеген. Аталмыш заттарды қолданудың болмағандығын дәлелдеу Сақтанушының міндеті болып табылады;
- 29) Сақтанушы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы No 367 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» тізбесіндегі COVID-19 ауруымен ауырады. Бұл тізімге енбейді: егер Келісімшартта сапардың мақсаты/санаты/таңдауы "COVID-19" деп таңдалса және жоғарыда аталған тәуекелдер түзету коэффициентін ескере отырып, қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленсе;
- 30) Сақтандыру келісімшарты рәсімделу мезетінде Сақтанушыдан «COVID-19» ауруына ПЦР оң нәтиже көрсетсе;
- 31) Сақтанушы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы No 367 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» тізіміне енетін «COVID-19» ауруымен ауырғаны анықталса, егер Келісімшартта сапардың мақсаты/санаты/таңдауы "COVID-19" деп таңдалса және жоғарыда аталған тәуекелдер түзету коэффициентін ескере отырып, қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленсе;
- 32) сақтандыру келісімшартында осы санаттың/нұсқаның болуына немесе болмауына қарамастан, COVID-19 ауруын амбулаторлық емдеуге арналған шығындар;
- 33) сақтандыру келісімшартында көзделген көлемдерден, сублимиттерден және сомадан асатын залалдар;
- 34) Сақтандыру келісімшарты обсервация кезеңіндегі тұрғын-жай шығындарының келесі түрлерін қамтымайды (олар сақтандыру жағдайлары болып есептелмейді):
  - 34.1. Алкогольді ішімдіктер, тағамдық қоспалар және биологиялық белсенді қоспаларды алуға қажетті шығындар;
  - 34.2. Қонақүй/обсерваторда тұру барысында жайлылық күйін жоғарылатумен байланысты шығындар;
  - 34.3. қосымша ақылы қызметтерге (кабельдік теледидар, Интернетке қосылу, сұлулық пен сауықтыру рәсімдері және т.б.) қатысты шығындар;
  - 34.4. карантинде болу қажеттілігін растайтын құжатта көрсетілген күнге дейін бұрын брондалған

және/немесе төленген тұрғын үй құнының өтемақысы (уақытша болу елінде берілген нысандағы қаулы/карантинді сақтау қажеттілігін көрсететін медициналық құжаттар және т.б.);

34.5. уақытша тұратын елге келген кезде міндетті карантинді сақтауға байланысты шығындар.

35) сақтанушының өзі хабардар етілген уақытша тұратын елде эндемиялық аурулардың профилактикасы қағидаларын бұзуына, сондай-ақ дәрігердің нұсқамаларын орындамауына байланысты шығындар;

36) ятрогендік жарақаттарды медициналық манипуляциялауға байланысты шығындар.

37) жалдамалы жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы қағидаларын бұзуға байланысты шығындар;

38) Сақтанушының қауіпсіздік немесе шектеу бойынша тыйым салынған/ескерту белгілерін есепке алмауы салдарынан пайда болған Сақтанушының ауруы, жарақат алуы немесе қайтыс болуы («өтуге тыйым салынған» белгісі, «шомылуға болмайды» белгісі, «қалқымадан әрі жүзуге болмайды» белгісі және т.б.);

39) келісімшарт арқылы сақтандыру жағдайларына жатпайтын оқиғалар тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы келесі себептер нәтижесінде орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтау төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

1) террористтік акт;

2) мемлекеттік немесе бөлім нұсқаулары;

3) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті әсер;

4) атом отынын жағудан қалған радиоактивті қалдықтармен немесе радиоактивті отынмен ластану, радиоактивті сәулелену немесе ыдырайтын материалдарды пайдалану;

5) соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің жаугершілік әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыстың жариялану немесе жариялабауынан тыс) немесе азаматтық соғыс;

6) бүлік; көтеріліс; локаут; халық көтерілісіне дейін ұласатын азаматтық тәртіп бұзушылықтар; бут; бұлқулер; әскери бүлік: революция; әскери басып алу немесе билікті узурпациялау; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе ұлттандыру; терроризм актілері;

7) қажетті қорғаныс және шекті қажеттілік жағдайларын есепке алмағанда, Сақтанушының сақтану жағдайының пайда болуына бағытталған, алдын-ала ойластырылған әрекеттері;

8) Сақтанушының Сақтандырылушының, Пайданы иемденушінің сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар, қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес қасақана жасалған қылмыс не әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.

6.3. Сақтандырушы келесі жағдайларда Сақтанушыға сақтандыру төлемін толықтай немесе жартылай төлеуден бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайданы иемденушінің Сақтанушыға өз денсаулығы, сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы жалған ақпарат беруі;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға өз жұмысының, Сақтандырушының жұмысының өзгергені туралы, сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның орын алуына тікелей немесе жанама себеп болған, саяхат мақсатының өзгергендігін жасыру;

3) Сақтанушының, Сақтандырылушының қасақана түрде сақтандыру оқиғасының шығындарын азайтуы мүмкін шараларды орындамауы;

4) Сақтанушының, Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының себептері мен келтірілген шығын көлемін анықтауда Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

5) Сақтандыру жағдайының пайда болғаны жөнінде Сақтандырушыға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау;

6) келісімшартқа сәйкес құжаттармен негізделмеген тексерілу не емделу және/немесе сақтандыру келісімшартын рәсімдеу, сақтандыру төлемін алу мақсатында Сақтанушының Сақтандырушыға ұсынған құжаттары жеткіліксіз болса, сақтандыру жағдайының себептері мен салдарлары жөнінде толық емес, шынайы емес немесе жалған ақпаратты қамтыса, сол секілді сақтандыру жағдайына байланысты қызметтер түрлері мен құны туралы жалған мәлімет берілсе;

7) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайданы иемденушінің келісімшарт шарттарын дұрыс не мүлдем орындамауы;

8) Сақтандырушы сақтандыру бағдарламасына сәйкес сақтандыру келісімшартында бекітілген сақтандыру сомасы мен стационарлық емделу жағдайында Сақтанушының ауруханаға түсуіне себепкер болған негізгі ауруын тексеру мен емдеуге қажетті шығынды ғана өтейді. Сақтанушының өміріне қауіп төндіретін, бұрын анықталмаған ауру (күй) себебімен жедел түрде ауруханаға жатқызу қажет болғанда және сақтану

жағдайлары тізіміне енбейтін клиникалық диагноз анықталған жағдайда, Сақтандырушы осы секілді диагноз анықталатын 3 кереует күніне дейінгі ақыны төлейді, осы ауру бойынша ауруханада ары қарай емделу құнын Сақтанушы өз бетімен өтейді;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылмаған өзге жағдайларда.

6.4. Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу мезетінде жасы 80-нен асқан тұлғалар сақтандырылмайды.

6.5. Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу мезетінде Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары жердегі тұлғаларды COVID-19 қосымша тәуекелі бойынша сақтандыру орындалмайды.

6.6. Келесі залалдар сақтандыру жағдайы деп есептелмейді және шығын өтелмейді:

1) Белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру кезінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) уақытша тіршілік ету мемлекетінің заңнамасын орындамауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) уақытша тұру мекенінде арнайы рұқсатты талап ететін әрекет түрлерімен айналысуы;

3) әскери және (немесе) құқық қорғау органдарында қызмет өткерген немесе тиісті дайындықтан өткен;

4) Сақтанушының (сақтандырылушының) дәрігердің нұсқауын орындаудан, медициналық эвакуациялаудан өз еркімен бас тартуы (сақтандырылушының медициналық қызметкермен бірге ұшаққа отыруы);

5) Сақтанушының (сақтандырылушының) алкогольдік, уыттық, есірткілік немесе өзге де масаң күйде немесе дәрілік немесе психотроптық әсер ету кезінде жасаған әрекеттері, сондай-ақ осындай жағдайлардың салдары;

6) шұғыл медициналық көмек болып табылмайтын және/немесе шұғыл емдеу кезінде емдеуші дәрігер тағайындамаған медициналық қызметтерді көрсету;

7) созылмалы аурулардың өршуі/асқынуы жазатайым оқиға немесе жарақат салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының өміріне қауіп төндірмеген созылмалы аурулар, олардың өршуі/асқынулары. Созылмалы ауру аурудың болу ұзақтығымен (сақтандыру кезеңі басталғанға дейін), өршу және ремиссия (ремиссия) кезеңдерінің болуымен, сондай-ақ оның дамуының клиникалық көріністерінің болуымен анықталады. Созылмалы ауруды тағайындау дәрежесін сақтанушыға уақытша тұратын елде медициналық көмек көрсеткен дәрігер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тексеру кезінде сарапшы дәрігер/комиссия анықтайды. Сақтанушының уақытша тұратын елінің дәрігерінің елден кетер алдында науқастың денсаулық жағдайы туралы хабардар болмауына байланысты, Сақтандырушы құжаттарды тексеру және тіркелген жері бойынша медициналық кітапшадан үзінді көшірмені талап ету арқылы дәрігердің белгіленген диагнозын даулауға құқылы;

8) шипажайларда, емханаларда, демалыс үйлерінде және емдеу немесе шипажайлық-курорттық үлгідегі басқа да ұйымдарда оңалту, қалпына келтіру, емдеу;

9) қатерлі және/немесе қатерсіз ісіктерді, гиперпластикалық процестерді, сондай-ақ олардың әсерінен туындаған және оған байланысты кез келген асқынуларды анықтау және/немесе емдеу;

10) трансплантацияның, имплантацияның және/немесе протездеудің, оның ішінде эндопротездеудің кез келген түріне қажетті шығындар; хирургиялық оталарға, остеосинтезге, остеопластикаға, реконструкциялық оталарға, әртүрлі фиксаторлар (түйреуіштер, бұрандалар, бұрандамалар, біздер, пластиналар, сүйек тігістері, дистракционды-компрессорлық құрылғылар, коронарлық шунттау, стенттеу және т.б.) қолданылатын кез келген оталарға, дене мүшелері мен тіндерді трансплантациялауға және трансплантациялау оталарына қажетті шығындар. Осы тізімге кірмейді: Сақтанушының өмірін сақтап қалу үшін күйік алған жағдайдағы тері трансплантациясы;

I I) репродуктивті жүйенің диагностикасы және/немесе емдеу, атап айтқанда:

а) Сақтанушының жүкті болуы үшін, жүктілік себебінен болған асқынуларды емдеу, қалыпты немесе күрделі босану жағдайлары, сол секілді кесар тілігі арқылы босандыру отасы, жүктілікті мерзімінен бұрын ұзу мақсатында Сақтанушыға кеңес беру – диагностикалық тексеру мен емдеу жүргізу (аборт). Бұл тізімге жатпайды: Сақтанушымен болған жазатайым оқиғаның салдарынан туындаған, сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін, 12 аптадан аспайтын жүктілік мерзімінде жүктілікті жасанды түрде ұзу;

б) жасанды ұрықтандыру, бедеулікті/белсіздікті диагностикалау және емдеу. простатит; зарарсыздандыру, сондай-ақ контрацепцияның кез келген әдістері, оның ішінде жатыршілік құрылғыны (ЖІҚ) енгізу/алып тастау;

в) етеккір циклінің, зат алмасуының кез келген бұзылыстарын диагностикалау және/немесе емдеу.

12) психикалық бұзылуларды, депрессияны, жыныстық жолмен берілетін ауруларды, АИТВ және ЖИТС, алкогольизм немесе нашақорлық, туберкулез, қант диабеті және олардың зардаптарын диагностикалау және/немесе емдеу;

13) медициналық бақылауды немесе орын ауыстыруды (эвакуация мен репатриацияны қоса есептегенде)

жаңа туған нәрестені қарау, емдеуге, күтуге байланысты шығындар;

14) кез келген туа біткен, тұқым қуалайтын ауруларды және/немесе ағзаның туа біткен/ жүре пайда болған аномалияларын/дамуларын, оның ішінде сүйектердің патологиялық сынықтарын диагностикалау және/немесе емдеу;

15) миопия/гиперметропия, астигматизм, катаракта, глаукома не көздің ішкі тор қабығының бөлінуімен байланысты диагностика және/немесе емдеу (отаны қоса алғанда);

16) COVID-19 таңдауы болса, бұл ауру бойынша ауруханаға жатқызуды есептегенде, Келісімшарттың күшіне ие барлық мерзімінде 5 (бес) тәуліктен астам уақытқа жедел ауруханаға жатқызу. COVID-19 таңдауы болса, бұл ауру бойынша ауруханаға жатқызуды есептегенде, Америка Құрама Штаттары шегінде жедел ауруханаға жатқызу бойынша шектеу 5000 (бес мың) АҚШ долларына тең, ал Шенген аймағындағы мемлекеттерде жедел ауруханаға жатқызу бойынша шектеу 5000 (бес мың) евроны құрайды;

17) өт шығару жолдарының кез келген ауруларына және осы аурулардан туындаған жағдайларға/асқынуларға байланысты сақтандырудың барлық кезеңіне 500 (бес жүз) шартты бірліктен асатын шығындар;

18) бауыр циррозын, гепатиттің кез келген түрін және олардың салдарын диагностикалау және/немесе емдеу;

19) инсульт, эпилепсия, құрысу ұстамаларын диагностикалау және/немесе емдеу;

20) Сақтанушыны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылдың 14 қазанындағы № 526 «Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығындағы тізбеге енген аурулардан, оқшаулауды және/немесе жұқпалы аурулар стационарына жатқызуды талап ететін жұқпалы және паразиттік аурулардан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылдың 23 қыркүйегіндегі № ҚР ДСМ-108/2020 «Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген ауруларды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылдың 21 желтоқсанындағы № ҚР ДСМ-293/2020 «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығында бекітілген келесі аурулардан: АИТВ-инфекциясы (ЖИТС), туберкулез, оба, тырысқақ, сары безгек, геморрагиялық вирустық безгектер, іш сүзек және қылау, аусыл, құтыру, лептоспироз, листериоз, туляремия, бруцеллез, эхинококкоз, иерсиниоз, сальмонеллез, риккетсиоз, кене энцефалиті, қантышқақ, түйнеме, күл ауруы, көкжөтел, қызылша, қызамық, індеттік паротит, вирусты гепатит, инфекциялы миқұрты, а-типті өкпе қабынуы, Эбола безгегі, індеттік тұмау, вирустың жаңа типіндегі коронавирусты инфекция (осы таңдау сақтандыру келісімшартында/полисінде есепке алынған жағдайларды есепке алмағанда) және олардың клиникалық формасы мен өту барысына қарамастан олардың салдарларынан емдеу;

21) ҚР ДС диагностика жасау және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес ауруға диагностика жасау және емдеу қажет болмаған жағдайдағы шығындар;

22) пластикалық отаға, косметикалық диагностикаға/емдеуге және сыртқы бейнедегі кемшіліктерді немесе дене ауытқуларын жоюға, жынысты хирургиялық өзгертуге, денені / фигураны түзетуге, семіздік немесе дистрофияны диагностикалауға / емдеуге байланысты диагностикалау/емдеудің кез келген басқа түрлеріне арналған шығындар;

23) мысықтар мен иттердің, жәндіктердің шағуын диагностикалау және/немесе емдеу; кез келген теңіз жануарларының/мекендеушілерінің салған күйіктері, теңіз маржандарының/кірпілерінің және теңіз өсімдіктерінің күйіктері/жарақаттары;

24) күн сәулесі, ультракүлгін немесе радиацияның басқа түрлерінің (күнге күйіп қалу, фотодерматит және т.б.) тікелей және/немесе жанама әсерінің салдарын, сондай-ақ саңырауқұлақ және дерматологиялық ауруларды, оның ішінде аллергиялық ауруларды (ангиоэдемадан/анафилактикалық шоктан басқа) түрлерін диагностикалау және емдеу және тағамдық дерматит, псориаз және оның асқынулары; туа біткен ихтиоз, экзема, алопеция, атопиялық дерматит, нейродермит, витилиго, сүйелдер, безеу, демодикоз, сондай-ақ нозологиясына қарамастан қынаның кез келген түрі;

25) құлақ арнасының керумен бітелуіне байланысты кеңес берулер мен емдеу;

26) саяхат басталғанға дейін жарақаттар, терапевтикалық емдеуді есепке алмағанда, сақтандыру мерзімінен 6 ай бұрын емдеуді талап ететін ауруларды диагностикалау және емдеу, оның ішінде оперативті отаны талап ететін аурулар, көру мүшесін оперативті емдеу;

27) профилактикалық тексерулерге/қарауларға, медициналық тексерулерге, күтімге және екпелерге, медициналық тексерулерге, білім беру ұйымдарына және басқа да мекемелерге анықтамалар алуға кететін

шығындар;

28) остеосинтезге/остеопластикаға арналған материалдарға кететін шығындар: медициналық құралдарды (линзалар, көзілдіріктер, есту аппараттары, глюкометрлер, таңғыштар, балдақтар, мүгедектер арбалары, жаялықтар, ортоздар, ортопедиялық аяқ киімдер, компрессорлық шұлықтар және т.б.) таңдау, сатып алу және жөндеу; жеңіл қататын гипсті салу;

29) Сақтанушы Қазақстан Республикасына оралғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін немесе Ассистанс тарапынан мақұлданбаған хирургиялық оталар немесе емдеу;

30) Осы Ережелердің 4 Тарауындағы 4.1 тармағының А) тармақшасындағы жедел көмекті есепке алмағанда, өзге стоматологиялық көмек беру;

31) көзді протездеу; эндопротездеу, ортопедиялық протездеу, оның ішінде тіс протездерінің кез келген түрі (брекеттерді алу, протездерді, пломбаларды алу және ауыстыру және т.б.);

32) дәстүрлі емес әдістермен емдеу және/немесе диагностикалау (фитотерапия, гирудотерапия, ароматерапия, апикотерапия, музыкалық терапия, қысымды камерада емдеу, гидромассаж, гидроклоноотерапия, биорезонанстық терапия, гомеопатиялық емдеу, жүзу ванналары, құрғақ және су асты сығындылары, балшықпен емдеу) , және басқа да дәстүрлі емес, негізделмеген әдістер), оналту (қалпына келтіру) емдеуі, сондай-ақ физиотерапиялық емдеудің кез келген әдістері;

33) психотерапевт, диетолог, генетик, логопед, косметолог, массаж жасаушы, шаштараз, стилист, аудармашы қызметтерін көрсету;

34) медициналық кәсіппен айналысуға рұқсаты жоқ адамдар немесе тиісті лицензиясы жоқ медициналық мекеме жасайтын емдеу және/немесе диагностика;

35) кәсіппен, мамандықпен, іспен байланысты жұмыстардың кез келген қауіпті түрін орындау (жүргізушілер, ұшқыштар, теңізшілер, кеншілер, құрылысшылар, монтаждаушылар және т.б.);

36) физикалық жұмыспен айналысу, биіктікте жұмыс жасау немесе шұңқырлар қазу немесе шахталар мен тереңдіктерде жұмыс жасау;

37) денсаулыққа зиян келтіретін жарақаттар немесе өлімге әкелетін спорт пен көңіл көтерулердің қауіпті түрлерімен айналысу, оның ішінде:

- жүзу, синхронды жүзу, ескек есу, үстел теннисі, батут, жүк көтеру, городошный, гольф ойнау;
- аквабайк, бананда, су аттракциондары мен аквапарктерде көңіл көтеруді қоспағанда, мәнерлеп сырғанау, бобслей, шана, теннис, сквош, бадминтон, конькимен сырғанау, шаңғымен сырғанау, су шаңғысы, биатлон, бағдарлау, өрт сөндіру, ату, семсерлесу;
- бейсбол, софтбол, баскетбол, поло, акробатика, суға секіру, найза аулау, бессайыс, ауыр атлетика және жеңіл атлетика, самбо, дзюдо, айкидо, теннис, гольф, гимнастика, триатлон, желкенді спорт, ат спорты, суға секіру, виндсерфинг, квадровелоспорт, реактивті шаңғы
- хоккей, конькимен сырғанау, футбол, регби, альпинизм, жартасқа өрмелеу, ролик тебу, гандбол, волейбол, баскетбол, күштік триатлон, сафари;
- тау шаңғысы, сноуборд, фристайл, велоспорт, мотобол, парашют, параплан, дельтаплан, рафтинг, сноубордрафтинг, сноуборд);
- кикбоксинг, каратэ, қоян-қолтық ұрыс, таэквондо, ушу, грек-рим күресі, еркін күрес және т.б.

Жоғарыда аталған спорт түрлері сақтандыру келісімшартын «Спорт» бағдарламасы бойынша рәсімдеген жағдайда өтеледі.

37) массаж, SPA процедуралардың кез келген салдарларын емдеу;

38) сақтанушының өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, компьютерлік томография (КТ), магнитті-резонанстық томография (МРТ);

39) Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алса да, Сақтанушының Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін шеккен шығындары:

40) COVID-19 таңдалымы бар бағдарламаны алған жағдайда сақтандыру аумағында 7 (жеті) күн болғаннан кейін COVID-19 ауруына тапсырылған ПЦР (PHK COVID-19) оң нәтиже көрсеткен жағдайда бір реттік шығынды өтеуді есепке алмағанда, COVID-19 ауруына ПЦР (PHK COVID-19) сынама тапсыру үшін жұмсалатын шығындар;

41) медицина ғылымы мойындамаған рәсімдерді және/немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде жалпыға бірдей қабылданбаған медициналық технологияларға негізделген медициналық рәсімдерді алу;

42) сақтандыру шартында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, диагностика, емдеу және оналту мақсатында қолданылатын дәстүрлі медицина әдістерімен ем алу;

43) алкоголь, есірткі қабылдағаннан кейін масаң күйде немесе ұйқы келтіретін, зейіндік шоғырландырудың бұзылуына әкелетін психотропты дәрімектер, десенсибилизаторлық тыныштандыратын құралдар

қабылдағаннан кейін көлік құралын жүргізуі нәтижесінде мертiгу немесе жарақаттар алу;

- Сақтанушы тұлға сәйкес жүргізуші куәлігінсіз көлікті жүргізген;
- Сақтанушы тұлға көлік тізгінін сәйкес жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға берген;
- Сақтанушы тұлға, қоғамдық көлікті қоспағанда, алкогольді масаңдық немесе есірткі, токсикалық зат қабылдағаннан кейінгі күйдегі тұлға басқарған көлікте жолаушы ретінде болған;

44) өзін-өзі емдеу, дәрігер емес тұлға тағайындауы немесе сақтанушының отбасы мүшесінің тағайындауы бойынша емделу;

45) алкогольдік улануды тудыратын дәрілік заттарды қолдану салдарынан денсаулықтың нашарлауы, қандағы деңгейі белгіленген мөлшерден жоғары болған кезде 0.3 промилле (100 грамм қан салмағына 0,3 мг), есірткілік интоксикация немесе алкогольдік, есірткілік немесе токсикалық интоксикацияны тудыратын химиялық синтез арқылы жасалған өсімдік тектес препараттарды және препараттарды қолдану;

46) медициналық себептер бойынша рұқсат етілген жағдайларда сақтанушының тұрақты тұратын елге эвакуациялаудан өз еркімен жазбаша бас тартуы. Шығындар эвакуациялаудан жазбаша бас тартқан кезден бастап төленбейді;

47) сақтандыру жағдайы бойынша жүгінгеннен кейін емдеуші дәрігердің кеңестері мен нұсқауларын орындаудан Сақтанушының өз еркімен бас тартуы;

1.7. Келесі дәрілік заттарды сатып алу, оның ішінде стационарлық емдеуге кеткен шығындар сақтандыру шығындары деп танылмайды:

- а) контрацептивтер;
- б) биологиялық белсенді қоспалар, тағамдық қоспалар, биологиялық үдеткіштер (мысалы: женьшень адамтамыры);
- в) гомеопатиялық препараттар;
- г) анорексикант құралдары;
- д) косметика;
- е) ноотропты препараттар;
- ж) майдан құтылуға арналған құралдар;
- з) потенциалға/либидоға әсер ететін препараттар;
- и) липидті төмендететін дәрілер, статиндер;
- к) иммуномодуляторлар, антидепрессанттар;
- л) гепато-хондропротекторлар;
- м) дәруменді қоспалар;
- н) профилактикалық мақсатта тағайындалған препараттар.

1.8. COVID-19 ауруына күдік болған немесе ауырған келесі жағдайларда шығындар өтелмейді:

1.8.1. сақтандыру бағдарламасында COVID-19 сақтандыру төлемінің таңдауы болмаған жағдайда;

1.8.2. сақтандыру бағдарламасында COVID-19 таңдауы болған жағдайда сақтанушыға Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өтуге дейін 7 күн бұрын өткізілетін немесе сақтандыру аумағына келген кезде алынған ПЦР сынағы (COVID-19 РНҚ) болған алғашқы 7 (жеті) күн ішінде, сондай-ақ теріс нәтижемен 7 (жеті) күннен кейін өтемақы төленбейді;

1.8.3. дәрілермен емдеуді қоса есептегенде, амбулаторлық-емханалық көмекті қамтамасыз ету;

1.8.4. А) 4 Тараудың в) және г) тармақтарына сәйкес COVID-19 ауруын өтеу таңдауы бар бағдарламаны алған жағдайда жедел ауруханаға жатқызу (стационарлық емдеу) оқиғаларын есептемегенде.

1.9. Осы Ереженің 10 тармағының 10.3 тармақшасына сәйкес, Сақтанушы Сақтандырушыға немесе Ассистанс компанияға сақтандыру жағдайының туындағаны және жедел түрде медициналық көмекті ұйымдастыру жөнінде дер кезінде хабар бермесе, Сақтандырушы төлемді толықтай немесе жартылай төлеуден бас тартуға құқылы

Сақтанушы сақтандыру жағдайы туындаған мезеттен бастап 24 сағат ішінде осы дәйек туралы хабарлауға тырысқандығын дәлелдеуі тиіс.

1.10. Сақтандыру келісімшарты аясында тізімге енбейтін өзге жағдайлар мен сақтандырудың өзге шектеулері қарастырылуы мүмкін.

1.11. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартатындығы туралы жазбаша негіздемені Сақтанушы мен Пайданы иемденушіге жіберуі тиіс.

## 7. Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу тәртібі.

7.1. Сақтандыру келісімшарты Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген форматтағы Сақтанушының өтініш-анкетасының негізінде жасалады, онда Сақтандырушы өтініш-анкета бланкісінің реквизиттеріне сәйкес сақтандыру нысаны туралы толық және шынайы мәліметті, өзге де ақпаратты көрсетуге міндетті.

7.2. Сақтандырушыға денсаулықты тексеру нәтижесінде келіп түскен ақпарат аса құпия ақпарат саналады. Алайда Сақтандырушы тәуекел деңгейін бағамдау мақсатында және қайта сақтандыру, ортақ сақтандыру келісімшарттарын рәсімдеу үшін Қайта сақтандырушыға немесе өзге бір Сақтандырушыға қажетті көлемде Сақтанушы туралы мәліметтерді беруге құқылы. Сақтанушы туралы мәліметтердің Ассистансқа сақтандыру мақсатында қолданылатын көлемі ғана беріледі.

7.3. Келісімшарт Сақтандырылушының алдын-ала медициналық тексерілуінсіз жүргізіледі. Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандырылушы сәйкес форма бойынша (өтініш – анкета) сауалнама парағын толтыруы шарт. Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу барысында Сақтандырылушы сақтандыру жағдайына байланысты дәрігерлерді Сақтандырушы алдында мәліметтерді құпия сақтау міндеттемесінен (дәрігерлік құпия) босатады.

7.4. Сақтандыру келісімшарты келесі жолмен жазбаша түрде рәсімделеді:

а) сақтандыру келісімшартын екі жақтың құрастырып, қол қою;

б) Сақтанушының бір жақты тәртіпте жасалған осы Ережелерге қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін/сақтандыру сертификатын/сақтандыру келісімшартын рәсімдеуі. Сақтандыру келісімшарты/сақтандыру полисі/сақтандыру сертификаты Сақтандырушының ішкі құжаттарымен бекітіледі. Келісімшарт/полис/сертификат сақтандырушының сақтандыру полисін электронды формада рәсімделуі арқылы да жасалуы мүмкін.

7.5. Егер сақтандыру келісімшарты рәсімделгеннен кейін Сақтанушы Сақтандырылушының денсаулығы туралы қасақана түрде жалған ақпарат бергендігі айқын болса, Сақтандырушы сақтандыру келісімшартын бұзып, оның салдарларын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жазалау, сол секілді сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

7.6. Сақтандырушы сақтанушымен келісімшарт жасасудан бас тартуға құқылы. 75 жастан асқан тұлғалар, егер келісімшартта өзгесі айқындалмаса, COVID-19 таңдауы шегінде сақтандыруға жатпайды.

7.7. Сақтандырушы немесе оның серіктесінің сақтандыру өнімін интернет – ресурс арқылы пайдаланғанда:

1) сақтандырушы электронды түрде өтініш-анкетаға мәліметтерді толтырады;

б) сақтандыру полисі Сақтанушыны осы Ережелерге қосу арқылы рәсімделеді. Сақтандыру полисін рәсімдеу екі әдіс арқылы орындалады:

7) осы сақтандыру өнімін пайдаланатын тұлғаның тұрғылықты мекені бойынша, сақтандыру полисі/сақтандыру сертификатын Сақтанушыға беру арқылы;

8) Сақтандырушының немесе оның серіктестерінің ресми Интернет-ресурсында электронды сақтандыру полисі/сақтандыру сертификатын рәсімдеп, оны Сақтанушының Интернет-ресурсында мәліметтерді толтыру кезінде қалдырған электронды поштасына жіберіп, sms-хабарламаны жіберу арқылы орындалады.

7.8. Сақтанушы сақтандыру полисі/сақтандыру сертификатын рәсімдемес бұрын Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауы қажет:

а) егер ол (Сақтанушы) шетелдік, жалпыға таныс, қызметтегі тұлға болса немесе оның отбасының мүшелері шетелдік, жалпыға таныс, қызметтегі тұлғалар болса;

б) егер бенефициарлы меншік иесі басқа тұлға болса (Сақтанушының өзі емес).

7.9. Сақтандыру келісімшартын жасасушы тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болса және келісімшартты рәсімдеу мерзімінде Қазақстан Республикасынан тысқары аумақта болса, барлық тәуекелдер бойынша сақтандыру қорғанысы сақтандыру келісімшартын рәсімдеген күннен 7(жеті) күн өткеннен кейін ғана күшіне енеді.

## 8. Сақтандыру келісімшартының әрекет ету мерзімі мен орны (аймағы).

8.1. Сақтандыру келісімшартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі, бірақ күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспайды.

8.2. Сақтандыру келісімшарты Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен 00 сағат 00 минутта күшіне еніп, жақтар үшін міндетті саналады, Сақтанушы тұрақты мекендейтін мемлекет шекарасын кесіп өтіп, елге қайтқан мезеттен бастап немесе сақтандыру келісімшартында көрсетілген соңғы мерзім күнінің 24.00 сағатында күшін жояды.

8.3. Сақтандыру келісімшарты шетелге шығуға сақтандырылған (сақтандыру аумағы) нақты бір саяхатқа (саяхат, саят, экскурсия, іссапар т.б.), сақтандыру келісімшартында нақтыланған сақтандыру мерзіміне (оның мөлшерлі болжанған ұзақтығы) немесе сақтандыру келісімшарты негізінде белгілі бір уақыт аралығындағы бірнеше саяхаттарға арналып рәсімделеді.

8.4. Сақтандырылушыларға, сақтанушылар тізімінен шығарылғандарға қатысты сақтандыру қорғанысының күші сақтандыру келісімшартында қосымша келісімшартта көрсетілген күннен бастап жойылады.

8.5. Егер сақтандыру келісімшарты бір жылға рәсімделген болса (немесе бір жылдан аз), және сақтанушының шетелге көп мөлшерде саяхаттауын қамтитын болса (сақтандыру аумағы), онда сақтандыру қорғанысы сақтанушының шетелде іс жүзінде болу мерзіміне қатысты қолданылатын болады (сақтандыру аумағы). Сақтандыру келісімшарты қолданылатын нақты күндер саны сақтандыру келісімшартында көрсетіледі.

8.6. Қазақстан Республикасынан тысқары аймаққа көп реттік сапар шегуді қамтитын Multitrip Business бағдарламасы таңдалған жағдайда, келісімшарт осы келісімшартта көрсетілген нақты күндер шегінде пайдаланылады. Сақтанушы Қазақстан Республикасынан тысқары аймаққа әрбір сапар шеккен сайын сақтандыру мерзімі Сақтанушының сақтандыру аумағында өткізген күндеріне сай азайып отырады. Multitrip Business бағдарламасы бойынша келісімшарт күші осы келісімшартта көрсетілген күндер толық біткен кезде жойылады.

8.7. Сақтандыру келісімшартын пайдалану осы сақтандыру келісімшартында нұсқалған сақтандыру аумағы көлемінде ғана мүмкін болады.

8.8. Сақтандыру аумағы болып сақтандыру келісімшартында көрсетілген мемлекеттердің аумағы немесе олардың географиялық шектері есептеледі. Барлық жағдайларда сақтандыру аумағынан Қазақстан Республикасының аумағы, сақтанушының тұрақты мекен ету мемлекеті мен өзі азаматы болып табылатын мемлекеттер алынып тасталады.

8.9. Оған қосымша сақтандыру келісімшартына келесі аумақтар енгізілмейді:

- а) аумағында әскери қақтығыстар болып жатқан мемлекеттер;
- б) БҰҰ санкциялары жарияланған мемлекеттер;
- в) Аумағында індет ошақтары табылған мемлекеттер, сол секілді келісімшартта қарастырылмаған карантиндер жарияланған мемлекеттер.

8.10. Интернет-ресурс арқылы пайдаланылған сақтандыру полисі/сақтандыру сертификаты онда көрсетілген күннен бастап күшіне енеді. Сақтандыру сыйақысын төлеу Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 396 бабының 3 тармағына және 394 бабының 2 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен немесе осы сақтандыру ережелерімен танысқаннан кейін Сақтанушының немесе оның серіктесінің интернет-ресурсында орындалады, бұл осы Ережелерде қарастырылған барлық шарттарды қабылдау болып саналады және Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес жеке бас мәліметтерін жинау мен өңдеу құқығын береді. Қабылдау орындалғаннан кейін Сақтанушыға сақтандыру полисінің/сақтандыру сертификатының электронды нұсқасы беріледі, құжат Сақтандырушы немесе оның серіктесінің интернет-ресурсында мәліметтерді толтыру кезінде Сақтанушы өзі көрсеткен электронды поштаға жіберіледі.

8.11. Қажет болған жағдайда Сақтанушы ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңының талаптарын орындау мақсатында Сақтандырушы талап еткен барлық құжаттарды беруге міндеттенеді.

8.12. Өтініш-анкетаға қол қою арқылы Сақтанушы өзі орындап жатқан операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қатысты емес екендігіне кепілденеді.

